



1959  
сентябрь



# ПИОНЕР

№ 9 СЕНТЯБРЬ 1959  
АЛМАТЫ

# Мектебім

Шәмеле тартып, шөп үйдім  
Кең далада құрбыммен.  
Арқамды ерке күн сүйді —  
Мектеп, еста тұрдың сен.


Саяхат жасап, тау астым,  
Мөлдір суда тербелдім.  
Табиғатпен жарастым —  
Түсіме, мектеп, сен келдің.

Шаттана қарсы ап әр таңды,  
Көрсем де талай қаланы,  
Отырам үнсіз партаңда —  
Жүрегім сені табады.

Шақырасың, қоңырау,  
Шақырасың, мектебім.  
Шапқылаған шарқ ұрып,  
Сенде досым көп менің.

Құшағы жаз сен менің  
Аймалайтын мектебім.  
Өзіңде ғой контемім,  
Өзіңде ғой еңбегім,

Жанібек Қарбозин.





# ПИОНЕР

№ 9

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

СЕНТЯБРЬ  
1959 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 21 жыл.

Сәйдіп Талжанов.



ПОВЕСТЬ

## СӘКЕН ОҚУДА

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Қырық күн шілде. Ауыл жайлауда отыр.

Күн аптап ыстық, тұтанып тұр. Батыстан аңызак жел үрлейді. Ағашты көлдің басы. Жағалай қонып, иін тірескен ауылдар.

Малды ауылдың төңірегі тып-типыл, көгілдір көде, боз жусаннан ауызға ілінер қылтанақ жоқ. Жонқаланып сынған, кертіліп мүжылған қазықтар ақсиып-ақсиып көрінеді. Күн таласқан, таң асқан аттар талай арқандалған қазықтар ғой.

Көл жиегіндегі көк майса шалғынға кірген саяқты бөгелек буады, паналай алмай ауылдың сыртындағы тақыршаққа барып үйездейді.

Ауылдан аулағырақ, ойдым-ойдым сортанға, күл төккен жерге түйе әуес. Шөкесінен шөге қалып, жантая құлайды. Төрт аяғын талтита серіпкенде бозғыл қою тозан аспанға ұшады.

Қотанда қосақталып жебе сауылып жатқан саулықтар, қозылары өрісте жайылып жүр.

Ауылдың алдында жиегіне көк құрақ шыққан, ортасы жалтыр Ағашты көл. Көлдің бетінде қанатымен суды сабалап далпылдап ұшқан ақ шағала. Жайқын көлдің дәл ортасында мойны сала құлаш екі аккумулят сұңқылдайды. Көлдің көркі осы екі жұбай біріне-бірі таянып, көбік шашып ойнағандай болады.

«Күйі жырлы,  
Сансыз сырлы.  
Құбылады мың түрлі.

Торғын буы  
Күміс суы,  
Суда сұлу аккумулят.»

Ауылдың төрінде байдың ақ ордасы тең-

# СӘКЕН

киіп тұр. Жемтікке қонған ақбас күшігендей үңірейе қарайды. Оң жағында үлкен баласының, сол жағында кіші баласының отауы. Отыншы, сушы кірмелері әрі қарай орналасқан. Бұл — Мұстапаның ауылы. Оң жағындағы ақ отау, қасында қара пәуескесі бар, жетегін сораптып тік байлаған Кәкен үйі, сол жағындағы отау — Мирасбектікі.

«Бай да, болыс та — Кәкен, ол ауыл-аймақты бір шыбықпен айдайды. Лақтырған тасы өрге домалайды, жұлдызы оңынан туған Мұстапаның Кәкені не қылам десе оған рауа ғой, қаһарланса жұртты бір тарының қауызына сыйғызады...» — деп қаралашықтың ішінде отырып, кейбіреулер күңкілдейді. «Ойда орыс, қырда қазақ аузына қараған Кәкен оңай емес, құдай екі дүниесін бірдей берген адам» — деп оның шашбауын көтеретіндер де бар. Кешегі шонжар Мұстапаның Кәкені еді, «ұстамаса қаска айғырдың баласы төбел туады» десіп өлі аруақтың, кураған қу басын құшақтатқандай етіп Кәкенді жұрт болыс сайлады. Етек-жеңі кең, қытықсыз аңқау елдің ішінде «тас қозғалса қозғалмайтын маңғаз, сабырлы жампоз Кәкен» атанды. «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ғана айтатын білгір» десті.

«Осы сендер Кәкен үндемесе, шіркін-ай, бірдемені алыстан болжап отыр дейсіңдер-ау, ал менің ойымша, Кәкен сонда ештеменің байыбына бара алмай сорлап отыр» — деп Сейфулла сақ-сақ күлетін.

— Әй, бәтшағар-ай, сен де қайдағыны тауып айтасың-ау? — деп Ұтқыбек рахаттанып қалатын, көзінен жас парлап, танауы делдиіп кететін.

Қолында мөрі, қасында тілмашы, атарман-шабарманы бар, мылтығын шошайтып боштабай ерткен болыс бейбіт бұқараның апшысын қуырады, бүйідей тиіп, екі аяғын бір етікке тығады, бір үйге екі қазан астырады.

Болыстың әсіресе жан алғыштай көрінетін жері — түндікке «рамат» салып, «қарашығын» жинағанда, ол кезде старшиналар да құтырады. Тайынша, торпақ, тоқты-торымның дау-жанжалында елубасылар да бет қаратпайды. Сол кезде даукес жеңгеніне маз, жебірлер жегеніне маз болады.

Қорғалап, пана іздеп алдына келген адамдардың біреуіне бетін, біреуіне сыртын беріп, үнсіз айбат шегіп, Кәкен қабағының қимылымен қорқытады. Қара Өткелдегі ояздың алдына барғанда, жөңкерілген жуан денесі жеңіл тартып, күпшектей ауыр, тегенедей мес қарын шағындалып, ұры ит-

ше елеурей қарап, ұлықтың қабағын аңдып, қыбын тапсам деп елбектеп, елгезек болып кетеді. Оязға да, тілмашқа да жалтақ-жалтақ қарап, әлекке түседі. Ауылда ауырмай ыңкылдап, екі иығынан демін алып, етігін шешіндірген жігіт қолтығынан сүйемесе түрегеліп, төрге де өзі барып отыра алмайтын семіз Кәкен ояздың алдында қаңбақша дөңгеленеді. Жағыну да жеңіл емес! Ісің түскен ұлықтың сөзін естіп отырып, төркініне түсінбеу де ауыр нәрсе ғой!

— Жұтқан жұтамайды, тамақ тесік қой, — деп Пантелеймон өзінің білген қазақшасын түгел сөйледі, ишараттап Кәкен болыстың жүрегін орнына түсіреді. Тілмашының бұл сөзінен үлкен қорқаудың өңешінен бірдененің өтіп кеткенін сезіп, «тояттаса болғаны», — деп жұбанушы еді Кәкен.

Міне осы бір жәбірлену себеп болды да Кәкен болыс Ақайды орысша оқытуға белін бекем буды. Өзіне тілмаш қолғанат етпек болды. Орысша оқытты. Сонда Ақай: «Азаглавный, апростой, бзаглавный, бпростой...» — деп үйдің төбесіне қарап отырып заулатты. Түкке түсіне алмады. «Әліп», «би» ден мүлде шықпай қойды.

«Мұстапаның Кәкені баласын шоқындырды, тумай жатып орысша оқытты, мұсылманша «ақты, қараны» танытпай тұрып, орысша шүлдірлеткені несі?...» — деген өсек-аяң дуылдады... Елдің оқығанынан аса алмай, Ақайды оқыту үшін енді мұсылман молда ұстады. Ол молдасы деген аяғы ақсақ, балдақпен жүретін кісі еді, сондықтан «ағаш аяқ» атанды. «Ағаш аяқ» ағузіні тартқанда ауылды күңіретеді. Ол «ұстаздың өкшесі қисық деуге болмайды, күпір боласың, дозаққа барасың», — деп үйретуші еді. Жұрт «Ағаш аяқты» ұйып тыңдайды.

«Ағаш аяқтың» алдына Сейфулла да Сәкенді жетектеп алып барды. Киіз үйде дөңгелене отырған балалардың төменгі жағына тулақтың үстіне барып, ыңғайсызданып Сәкен жүгініп отырды. Шуылдап үйді басына көтерген балалар тына қалды, бәрі де көзінің астымен бөгде бала — Сәкенге сығалап қарады.

— Сүйегі менікі, еті сенікі, — деп бастады Сейфулла. — Бейсембілік, жұмалығын халет қылмаспын. Жақсы оқыт, молда-еке...

— Фәрзантиңіздің жылы не? — деп сұ-

<sup>1</sup> Пантелеймон оқытқанда мынау заглавная — А, мынау простая — а, заглавная — Б, простая — б, деп оқытса керек. Соны жаттап алған Ақай «азаглавный, апростой, бзаглавный, бпростой» — дейді екен.

рады «Ағаш аяқ». Бұл сұрағы «бейсембілік», «жұмалықтың» жылы әсерінен туды, ырзалықтың белгісі, ұжмақтың самалды лебі тәрізді. Сейфулланы да ерте, елжірете тартты, енді ол ақтарыла сөйледі.

— Садуақасым, Сәкенім бұл тұңғышым ғой, тағы үш жаман немем бар... Бірақ Сәкенімнің жолы бөлек... жылы жылан...

«Ағаш аяқ» аузындағы насыбайын сұқ қолымен астыңғы ернінен шұқылай суырып, оттын басына қарай ілгері шертіп жіберді де, кейін бұрылып, сырмақтың астына түкіріп тастады. Астыңғы ернімен тісінің арасына тілін жүгіртіп тазалады, тағы түкірмек болып тамағын кенегенде қақырып жіберді. Бәрін жиып, сырмақ астына баса берді...

Кәкен ауылындағы мұсылман дінінің тиянағы — молданың үйі. Онда балалар балық үлестіргендей шулайды.

Садуақасты алдына шақырып алып, жүгіндіріп отырғызды да «Ағаш аяқ» ағузы тартты. Көздері құйқылжып, жұтқыншағы бүлкілдеп, қос танауы елбек қақты. Құдайға жазды да қалды. «Ағузо билляһи мынашшаятон ыражиім» деп керіп-созып қырағаттап «Мысыр мақамына» салды. Төнірек түгел үн қосып, ызындап тұрғандай болды. Түсініксіз араб сөзінің әрбіреуі құшағыңа симайтын жуан, зілдей ауыр, ғайыптан келген хабар тәрізді ысқаяқ. Сейфулла ұйып қалды. «Ағаш аяқ» та біраз жерге жаяу барып қайтқандай алқынды. Токтай қалды.

Сұқ қолдың ұзындығындай көк шыбыққа тілдей қағазды қыстырып беріп қоя берді. Молдадан Сәкен сабақ алып қайтты. Бастапқы орнына барып тағы жүгініп отырды да: «Әліпте жоқ, биде бір ноқат, тиде екі ноқат...» — деп Сәкен судыратып сілтеп отыр. Қарасын жаттап, молданың айтқанын екі қылмады.

Шулап отырған көп баланың ең төрінде «Ағаш аяқтың» оң жағында жастыққа сүйеніп, көлбей жанбастап Ақай отыр. Аяғы ұйып қалса керек. Алдында қара қоңыр ағаш күрсі, үстінде шалқасынан түсіп құран жатыр.

Молданы сәске түсте үлкен үйге қымыз ішуге шақырды. «Оқындар, балалар» деп «Ағаш аяқ» ақсаңдай басып шыға жөнелді, артынан Ақай ере кетті. Болыстың баласы молданың сүйетін шәкірті.

Шаңқай түсте — күн қызған кезде балаларды молда үйлеріне қоя берді. Содан үлкен бесінге дейін балалар ойнап, дем алып сергіп қалды. Күн ауған соң тағы жиналды.

Сонан намаздігерге дейін ауылды басына көтеріп оқып жатыр.



Намаздігерде шәкірттер түрегеп тұрып салауат айтты. Ертеңгі күнін есіне салу үшін бір ересектеу шәкіртке арқалатып қойып молда-екең біраз баланың жонына көк шыбықпен дүре соқты. Таяқ жейтін бала екі түрлі. Біреуі жұмалық, бейсенбілігін дұрыс әкелмейтін «салақ» балалар, бұл кедейдің баласы — көк шыбықты осы бала көбірек жейді, екіншісі орта ауқатты кірменін баласы, әкесі ақты-қараны танитын, шәр кітабынан да, қысалардан да хабары бар, еті тірі кісі, реті келгенде шарифат айттып молданың өзін қусырып әкетеді, бірақ сөзі кәдеге аспайтын адамның баласы. Бұ да онша-мұнша арагідік таяқ жеп тұрады.

Баланың көбін арқалайтын ақ тонды Матай. Ол ересек бала. Өзінің де аркасы құрғамайды. Ол биыл «Ағаш аяқты» тауыспақ. Осы күні «Мұхтасарда» жүр.

2

Арада екі-үш жыл өтті.

Жазғытұрым Сейфулла Ұйтқыбекпен селбесіп, оның қоңыр өгізіне өзінің Бозшалағын парлап жегіп, бір тілді сабанмен он шақты күндей егін екті. Тары өнімді болады. Сейфулла ылғи тары егеді. Танертен сұр шидем шекпенін киіп, оң жеңінен қолын жалаңаштап шығарып алады да, бұзаудың бас жібімен белін мықтап буады. Он жақ жеңі белбеудің астында салбырап жүреді. Етегіне тарыны салып алып, аңыздың үстіне құлаштап себе жөнеледі. Кібіртіктей аяндап, талтаңдай басып келе жатады.

Сәкен алдына түсіп, қалың қара торғайды үркітіп, тұлымшағы жалбырап жүгіріп жүр.

3

«Егіншінің баласы кара борбай,  
Егінді жеп кетер кара торғай...»

деп ырғала басып, ыңылдап Сейфулла ән салып келе жатады. Бозшолакпен Сейфулланың соңынан еріп, аңызды Матай малай бастайды. Аңыздың кесек шымын, маланың тісі ұнтап уатып, тегістейді. Себілген дәннің бетін жабады. Сонымен жұмыс бітеді.

Кей жылы егін жақсы шығып, Сейфулланың еңбегі жанып, Жамал қарық болады. Тарыны келіге түйіп қыстың азығын— қап-қап етіп сөк жинайды. Кей жылы «еңбегі жанбай» екі аңыздың екеуіне де мысық құйрық, түйе қарын, ақ селеу, көгала жусан тәрізді арам шөптер қаптап кетіп, тарының түбі тырбиып-тырбиып өспей қалады. Бәрі де «тәңірінің бұйрығы ғой» десіп қояды.

Бар дәннің екі аңызға сіңіріп болып, Сейфулла да тасымалдап көшіп, жұрт қатары жайлауға баратын болды. Біріншіден жылда жатақта қалу елден ұят, екіншіден Сәкенді «Ағаш аяқ» молдадан үзбей оқытқысы келді.

Матай «Ағаш аяқты» хатым<sup>1</sup> қылып, бір екі жылдан бері Нілдіде жұмыс істейді. Тапқан-таянғанын жазғытұрым әке-шешесіне әкеп беріп кетеді, сөйтіп Ұйтқыбекке де шыр біте бастады.

### 3.

«Біздің ауыл жиһналды  
Қой сойып, ет жеп тоюға».

Көп ауыл жайлауда Жаманкөлде отыр. Қойлы ауыл дөңгелене қонады. Ортасы үңірейіп бос тұрады, қой жусайтын қотан осы.

Кедей ауыл шоғырмақтанып қикы-жикы қона береді, қотан болмайды—қой жоқ. Төңірегінде тоза қоймайды. Байдың аулында да өңкей жұмыртқадай аппақ үйлер бола бермейді. Қараша үйлері де жабысып қалмайды. Сондай-ақ кедей ауылдың да үйлері бірдей келе бермейді. Бір үйдің үзігі ақ, бір үйдің туырлығы, не түндігі ақ болады, тіпті болмаса, киіз есігі ақ киізден істеледі, міне сол киіз есігі ағараңдап алыстан көрінетін Сейфулланың үйі. Ақ киіз байлықтың белгісі, дәулет үйіріле бастаған.

Ауыл арасы таяқ тастам жиі отырады. Бай ауылының жігіттері көнектерін қарына іліп биенің бас сауымына шыққанда, қараша үйлі ала бажак ауылдың жаяу адамдары байдың аулына қарай аяндайды. Бұлар қымыз аңдығандар,

<sup>1</sup> Бітіріл.

«Ағаш аяқ» молда Кәкеннің үйіне қарай қымыз ішуге жөнелгенде, Ақай бүгін Сәкенді өзімен бірге ала жүрді. Ес білгелі Ақайдың туысқандық мейірі түскен күн еді.

— Шырағым, жоғары шық, өзің ержетіп қапсың ғой, әлгі жаман әкең қайда? Неге ол көнекті сырттан сұрап жүр? — деп төрде отырған Битабар сағынған кісіше сұрады.

— Ағам үйде ау тоқып отыр, қолы бос емес,— деп жауап қайырды Сәкен. Баланың бұл жауабын жақтырмай қалды да, болыс шытынай сөйледі.

— Ау тоқыса, баюға бет алған ғой, дұрыс, дұрыс, өзі болған төркінін танымай кетіп жүрмесе, әлі ауыл-үй отырып, үлкенге сәлем беруді де қояр сенің әкең,— деді Кәкен, ойын өзінше күлтелеп, шымшып өтті.

Болыстың кеміте айтқан кекесін сөзі Сәкеннің жер-жебіріне жеткендей, алайда ол ашуланса тұтығып сөйлей алмай қалушы еді. Екі көзі жалт-жұлт ұшқын шашты, іштегі уыттың ызғары сыртқа тепті.

Біреудің ызаланғанын сезгенде Кәкен болыстың айызы қанатын, оны әрі қарай келекелеп, әбден тұқыртып тастауға тырысатын.

— Әй, Битабар, сенің есінде ме? мына өзіміздің қоңсымыз Жомарт шал мына қыли Ахметті бір отырғызыпты ғой,— деді.

— Білем, Кәке, әлгі Көктің көлінен балық аулап, қыстыгүні қармақ салып отырғандағысын айтасыз ғой, заты, сол өтірік-ау деймін, өйткені қыли Ахмет қыстыгүні мұздың астынан балық ауламайды, ал тіпті аулаған күнде де Жомарт ол кісіге ондай сөзді айтпайды. Тілін кімге безейтінін Жомарт біледі, көптен өрістеспіз ғой,— деді Битабар, сөздің уытын қайтарып, әңгіменің бетін аударғысы келді.

— Жоқ, Битабар, сен білмейсің, ол қыли Ахметке айтса керек: «Аяқ аузындай жерден дәмәткен құлқының құрысын» депті ғой, келістіріп айтқан, ә? — деп Кәкен Сейфулланы мүлде мұқатқандай мардамсыды. Езуін бір тартып енді, «Ағаш аяққа» бұрылды да:

— Молда-еке, бала қалай оқиды? — деп сұрады.

— Жақсы оқиды, Ақай өте жақсы оқиды, құранды «хатым» етуге таянды, жақында той жасайсыз әлі, өзіңіздің орныңызды басатын жігіт болады,— деді қаукелектеп...

— Мен Ақайды сұрап отырғам жоқ, мына Сейфулланың баласын айтам.

— Е, ол бала да...— деп барып болыстың бетіне қарады, қақала-шашала елбектеп: — ол бала аса жақсы оқымайды, оның үстіне мінезі кіді, көңгіш емес...— деді

«Ағаш аяқ». Өзінің дер кезінде оңалып, тығырықтан қолға түспей құтылғанына қуанды.

— Көнбейтіні көзінде тұр ғой, әкесі сотқардың баласы да сотқар болады. Әкесімен екеуі жабылып мені шауып алсын! Жақсылықты білмесе, айтқанға көнбесе қуып жібер,— деп зілдене сөйледі Кәкен.

Сәкен үйден шыға жөнелді. Битабардан басқа адам жас баланың қимылына аса мән бермеді. «Өз балам осындай болса, дүниеден армансыз өтер едім, шіркіннің тез түсіне кетуін! Ызаны да ішіне сақтай білетін сұңғыла сабырлысын қарашы!» — деп Битабар ішінен сұқтанды. Кәкен болыс басын шайқап:

— Қаршадайынан мынау, бұл тұра бара ондырмас!,— деді.

Осыдан он шақты күн бұрын жайлауға жаңа келіп қонған кезде мынадай бір оқиға болды, сол әңгіменің сарсығы әлі басылған жоқ еді.

Шаңқай түсте қымызға қанып алған бір топ адам қанаттас ауылдан атқа мініп шықты. Байлар қарыс жерге жаяу жүрмейді.

Бұлар талма түсте қымызға әбден улағандар, енді болыс үйіне сәлемге келе жатыр, «сәлем арты саумал», піскен марқаны сойғызып, қыстан қалған сүр етін салдырып, сары ала сорпа ішіп, қымызын басып қайтпақ.

Түстенудің арты кейде сүргінге айналды. Төбелеспен де тынады, бәрі қымыздан туады. Ұру таласынан, кінә я сөзден, әзіл, қалжыңнан басталады. Кәкен болыстың үйінде түстеністе отырып, Алтай Құтжанның Имаммұсасы мен Еркексары қалжыңдаса кетті. Еркексары асығыс қимылдап алдынан буа сөйледі. Имаммұса тынысын кең алып артынан қуа сөйледі. Сөзден сөз шығып Еркексары отырып: «Осы, Имаммұса, сенің әкең Құтжан арузоны да, әлхамды да білмейтін адам деседі, сол рас па?» — деді. Имаммұса: «болса болар, мен әкемнен жас қалдым ғой» — деп жауап берді. Сол жағында Кәкен болыс, оң жағында Битабар, қымызды ішіп гулеп отырған, кеудесіне нан піскен Еркексары ықты-жарды тындамай сілтей берді...

*(Жалғасы бар).*



# РЕДАКТОР



Есенбек орнынан тұрып, отырғандарға түгел бір карап алды да:

— Редколлегия мүшелерінің мәжілісін ашық деп жариялаймын,— деді өзі отырған орындығын әрірек ысырып қойып.

— Біз істейтін көп жұмыстар бар, жолдастар. Біріншіден, редколлегия мүшелерінің міндетті жұмыстарын бөлуіміз керек. Сонан соң газетті шығаруға тез кірісіп кетеміз. Әрине, алғаш қиындықтар кездесуі мүмкін. Оны уақытында көрерміз. Алдымен өзіміздің істейтін жұмыстарымызды бөліп алайық. Газеттің бас мақаласы мен көркемдік жағын мен аламын. Ал, саған газеттің қатесін тексеру жұмысын міндеттеймін,— деді Есенбек Қанатқа,— корректор боласың. «Корректор» деген сөзге Қанаттың түсінуі әлде қалай болар дегендей, қысқасы, газетте қате жібермеуің керек,— деді.

— Ал, Сәмет, сен хат бөлімін басқарасың,— деді Есенбек Сәметке. Осы сөздерді айтқанда, оның қой көзінің жанары ерекше нұрланып, әрбір сөзі мәнерлі, байсалды шықты.

Бірінші рет батыл айтқан редактордың бұйрық аралас сөздері ерсі болып көрінген сияқты.— Сайланғанына бір күн болмай жатып, мынауың қайтеді,— дегісі келген

Қанат пен Сәмет бірінің ойынан бірі шығып, көз астымен жымындасып та алды.

Бұлардың жүзіндегі болымсыз мысқылды Есенбек сезсе де, тіс жарып ештеңе айтпады.

— Түскен мақалалар қорытылып, жөнделгеннен кейін газетті жазуды саған міндеттеймін,— деді Еркінге. Ал, жолдастар, бұл — дружина пионерлердің тапсырмасы. Сондықтан, бұл іске жай карауға болмайды. Біздің редколлегия мүшелігіне көпшілік сайлағанда дружина сенімін қалтқысыз ақтауға бәріміз де уәде бергенбіз. Онда барлығы айтылды. Еркін, сенің әдемі жазғаныңа дейін сөз болған жоқ па. Сондықтан бәріміз бір кісідей іске кіріскеніміз жөн болар,— деді де, Есенбек орнына отырып, Сәмет пен Қанатқа карап еді, бұлардың редакторға аздап күдік туғызған әлгі бір орынсыз мысқылы мүлде жойылып кеткен тәрізді. Енді редактор сөзіне мән беріп, шын ықласпен тындап отырғанын сезді...

Келесі күн ойда жоқ бір уақиға редколлегия мүшелерінің назарын аударды. Газетке Еркін жөнінде сын мақала түсіпті. Еркін оны Сәметпен бірге хаттарды іріктеп отырғанда көрді. Бұл жайды редколлегия мүшелерінің талқысына салуға Еркіннің батылы жетпеді. Ұялды. Өйткені, ол мақалада Еркіннің сабаққа көбіне дайындықсыз келетіні және география пәнінен өткен жетітілікте «екілік» алғаны айтылған. Күн бойы осы жайды Есенбекке айтуға намыстанып, қаншалықты бөгелсе де, редколлегия мүшелерінің кешкі жиналысында айтуға ұйғарды. Газет шығаратын өзі және өз жолдастары болғандықтан бұл мақаланы газетке баспас деп те ойлады.





Редколлегия мүшелері әдетінше сабақтан кейін пионер бөлмесіне жиналды. Бірақ, Еркін күндегідей емес, бүгін әлде неге ренжігендей, жүзі солғын тартқан, көңілсіз отыр. Кенеттен:

— Мына мақала жөнінде өз пікірінді айтшы,— деп, Еркін төрт бүктелген қағазды Есенбекке ұсынды.— Мен өткенде география сабағында Нахичевань автономиялық республикасының қайда екенін білмей қалып едім, соны жазыпты. Редколлегия мүшесін жазуға оның қандай правосы бар екен,— деді ол қатты намыстанып.

Еркін сөзінің төркініне бірден түсінген Есенбек:

— Өте дұрыс сын, сабақ оқуды қойсаң, Нахичевань автономиялық республикасының қайда екенін білмесең, оны жазбағанда нені жазу керек,— деді күліп.

— Ал сен білгіш болсаң, жердің жасанды серігінің жерді қанша айналғанда марсқа жететіндей жол жүретінін айтшы,— деді Еркін Есенбектің осал жерінен ұстағандай екіленіп.

— Дұрыс, оны есептеу керек. Ал, Нахичеваньды есептеудің керегі жоқ. Оны неге білмейсің?

Еркін сәл бөгеліп қалды.

— Ал енді сен оны газетке жазу керек дейсің бе? — Бұл сұрауға тап осы минутта Есенбек те ойланып қалды. «Шынында да ол редколлегия мүшесі емес пе, бүкіл мектеп оқушыларының алдында оның беделін түсірудің жөні қалай болмақ. Және достық, жолдастық қайда. Егер жазу керек десем, достықтың арасы ажырап, іс насырға шаппай ма? Дос көңілін қалдырудың жөні қалай болмақ»,— деген ой Есенбектің көз алдында тұманданып тұрды да қойды. Оның есіне пионер вожатый Бану апайдың айтқаны келе қалды. «Батыл сыннан ешқашан тайма!» — деп еді-ау, қайта-қайта ескертіп. Міне, сын деген осыдан басталар. Достық мінін батыл айту шын достық емес пе. Ендеше жазу керек!»

Ол Еркінге тура қарап:

— Жазу керек! — деді.

— Жазу керек дейсің бе? — деді Еркін оның сөзін қайталап.

— Иә, жазу керек,— деді Есенбек. Енді өрлік жасаудың өрісі тарлығын сезген Еркін.

— Онда мейілдерің, жаза беріндер! — деді ашуға булығып.

— Сен ше, жазудан бас тартамысың? — деді Қанат пен Есенбек қосарланып.

— Өзін жазықсыз кінәлаған мақаланы өз қолымен жазатын ессізді тапқан екен-

сіндер! — деп Еркін есікті қатты жауып шығып кетті.

— Жақсы жазуымен көзге түскісі келетін, сыннан қорқатын тайғанақтар редколлегия мүшесі бола алмайды. Көркем жазатын жалғыз ол емес,— деді Есенбек жігерленіп.

Газетті дружина бойынша көркем етіп шығаруға бар күшін салған Есенбек енді одан бетер катуланып алған. Асықпай отырып, газеттің басын әдемілеуге өзі кірісті. Нақ орталықта — мектеп үйі, одан жоғарырақта — Ленин портреті, мұның астында — глобус, циркуль, оқу кітаптары, екінші жағында — пионер горны, барабан салынды.

Есенбек «Алға» деген сөзді шебер жазды. Ол жазуына өзі сүйсінгендей қарады да: «Бұл — «Алғаның» алғашқы қадамы!» — деді күлімдеп.

Дәл осы кезде есікті ашып кіріп келген Еркінге бұл енді не демекші дегендей редколлегия мүшелері анырып қарай қалды.

— Кәне, редактор жолдас, өзімді өз қолыммен сынап жазғалы келдім. Кінәмді сендер емес, бүкіл мектеп пионерлері арасында мойындайын. Менің әкемде де осындай бір жағдай болыпты. Бір кезде оны да өз жұмысындағы кәте ісі үшін газет бетінде сынға алыпты. Әкем мына сынды дұрыс жа-



зылған дейді,— деді Еркін.— Ал географиядан «екілікті» қайтсем де жоямын.— Ол қаламды қолына алып, жазуға кірісті. Кіршіксіз ақ мақтаға өрнектелген жібек кестедей өрнекті сөздер бағана бойын алып, газет ілезде жазылып бітті.

**Б. Мүлкібаев.**

# ХАЛЫҚ ҚАЗНАСЫ

*Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінен*

Сен білесің бе?

Жас достар, осы бір сұрақты өздерің оқитын газет, журналдардың қайсысынан болса да кездестіресіңдер. Оның астындағы материалдарды сендер қызығып та, құнығып та оқисыңдар. Адам баласы өз қолымен салған дүние жүзіндегі жеті керемет туралы да сендер осыдан оқыдыңдар. Ұлы Қытай қамалының қай кезде, не үшін салынғанын, Үндістан архитектурасының айшығы болып саналатын Тажмақал сарайының тарихын, Вавилон патшасының қызы Семерамиданың аспалы бағы жайлы сендер газет, журналдардың осы сұрақ тұрған беттерінен білдіңдер.

Атом ғасыры деп аталатын біздің дәуірімізде талай замандар бойы адамзатты таңдандырып келген бұл ғажайып кереметтер



Қамыс қалқандарға арналған дүние жүзіндегі ең жақсы престі балалар жасады.

көмескі тартып, олардың орнына біз бұрын есітіп, білмеген ғаламаттар келді. Бұған айға жіберілген советтік ракета, планетамызды айналып жүрген жердің жасанды сөрігі толық дәлел бола алады. Осыларға байланысты сендер оқитын газет, журналдардағы: «Сен білесің бе?» сұрағының мазмұны да өзгерді. Бұрынғы: «Эйфель мұнарасының биіктігі қанша?», «Хеопс пирамидасы қай кезде салынды?», «Арабтардың Испания жерінде тұңғыш ашқан университетіне неше жыл болды?» — деген сұрақтардың орнын ғылым мен техникадағы таңғажайып өзгерістерге байланысты туған басқа сауалдар алды.

Ғылым мен техникадағы осы жетістіктердің Отаны біздің еліміз болып табылады. Оны СССР халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінен анық байқауға болады.

Ұлы Отанымыздың ұшан теңіз байлығымен танысқысы келген адам қаладан қаланы, селодан селоны аралап, талай жыл сапар шеккен болар еді. Бірақ, олай етпей-ақ біздің негізгі байлықтарымызды — совет халқы еңбегінің нәтижесін — осы Көрмеден айқын көруге болады. Бұнда совет халқының алып қолымен, ұшқыр ойымен жасалған экспонаттардың ең жақсысы, ең таңдаулысы қойылған.

Көрмеде 71 павильон бар. Олардың әрқайсысында болу — естен кетпес бір ғажайып саяхат жасаумен барабар.

Бұл бұрынғылардан ерекше көрме. Ол тек біздің ауыл шаруашылығымыз бен өнер кәсібіміз жөнінде айтып қоймайды. Онда еліміздің бүгінгі таңда мақтаныш ететін нәрселерінің бәрі дерлік орын алған. Бұны социалистік лагерьді алға бастап келе жатқан ұлы елдің бүкіл дүние жүзі алдындағы есепті көрмесі десе болғандай. Бұл — Совет өкіметі жылдарында совет халқының Коммунистік партияның басшылығы арқасында қолы жеткен табыстарын байқайтын көрме.

Шағын мақалада көрмедегі экспонаттардың бәрі туралы айту мүмкін емес. Сондықтан біз сендерді олардың кейбіреулерімен ғана таныстырып өтеміз.


Біздің ғасырымызды атом ғасыры деп атайды. Атомды пайдалану саласында біздің еліміз дүние жүзінде бірінші орынға ие. Бұған атом қуатын бейбітшілік мақсатқа жұмсауға арналған павильондағы экспонат-

тар айғақ бола алады. Қабырғадағы диаграммада біздің атом қуатын АҚШ, Англия және Канаданы қосып алғанда, екі есе артық өндіретініміз көрсетілген. Сонымен бірге онда СССР-да келешекте салынатын ең қуатты атом электрстанцияларының жобалары да орын алған. Қысқасы, атом қуатын пайдалану павильонында біздің бұл саладағы тамаша жетістіктеріміздің бәрі толық айтылған. Бұл жерде оның келешектегі даму жолы да айқын көрсетілген.


Жаңадан ашылған 18 павильонның бірі — химияның ғажайып сарайы. Бұның іші кереметтерге толы. Дәлірек айтсақ, бұл көздің жауын алатын сарай табиғатта кездеспейтін, бірақ адам қолымен жасалған заттарға лық толы.

Ерте кездерде халықтың химиктерді сиқыршы деп атағаны белгілі. Қазір олай деп ешкім де ойламайды, керісінше, олар халық құрметіне, ел сүйіспеншілігіне бөленді. Мұнай газынан, мысалы, автомобиль шинасын жасаған оқымыстыларды қалай сыйламассың, қалай құрметтемессің. Пластмассадан жасалған құрылыс материалдарын, шүберек пен смоланың қосындысынан алынған замшаны, қағаз бен смоладан істелген столдарды, тағы сол сияқты әрі жеңіл, әрі арзан, әрі әдемі бұйымдарды көргенде совет химиктеріне деген сүйіспеншілігің арта түседі. Сондықтан да жұрт осы ғажайып заттар қойылған тамаша сарайға ағылып, көп келеді.

«Дала патшасы» атанған асыл дақыл жүгеріге көрмеде дербес павильон бөлінген. Залдың ортасында жүгерінің түйнектерінен жасалған алып түйнек тұр. Бұл пайдалы дақыл Отанымыздың барлық жерінде дерлік егіледі. Ол тіпті сонау терістік аудандарға да барды. Павильонның қабырғасында СССР Одағының үлкен картасы ілулі тұр. Экскурсовод кнопканы басып қалғанда, картаның бетінде көк лампочкалар жанады. Бұл жүгерінің бұрын егіліп жүрген аудандары. Екінші кнопканы басып жібергенде,



Собық деп осыны айт! Бұл — «жүгері» павильонындағы ең үлкен экспонат.



Мен — автомат адаммын... Мені Москва түбіндегі Чкалов жас техниктер станциясындағы балалар жасады... — дейді автомат адам.

карта бетін қызыл лампочкалар қаптап кетеді. Бұл жүгерінің кейінгі жылдары «қоныстанған» жерлері. Ол қазір тіпті Сахалинге дейін барыпты.

Жүгеріні қай жер болса да қуанышпен қарсы алады. Неге десең, ол ауыл шаруашылығының еңбеккерлеріне АҚШ-ты ет, сүт және май өндіру жағынан қуып жетуге көмектеседі.

Біз көрмедегі бұрын сендер білмейтін павильондардың кейбіреулеріне ғана тоқталдық, сансыз кереметтердің екі-үшеуін ғана сөз еттік.

Сөз аяғында өздеріңнің павильондарыңды әңгімелей кетейік. Көрмеде жас техник-

тер мен натуралистердің павильоны да бар. Ол — құлпырған гүл арасындағы әсем де сәулетті сарай. Көркі де, ішіндегі экспонаттар да тамаша. Оларды қарай жүріп, жас шеберлер өнеріне сүйсінесің. Мұнда не жоқ, бәрі бар. Бәрі де жас өнер тапқыштар қолынан шыққан бұйымдар. Біз солардың кейбіреулеріне ғана тоқталамыз.

Электрлендіру павильонына кіре берісте кішкене үй бар. Мұнда адамдар жиналғанда, үйдің есігі айқара ашылады да, одан күмістей жарқыраған дене шығады. Ә дегенде оны арнаулы костюм киген сушы ма, немесе орта ғасырдың сауыт-сайман киген рыцары ма деп қаласың.— Сәлеметсіздер ме, құрметті жолдастар! — дейді ол жиылған жұртқа. Осыдан кейін өзін таныстырады.— Мен—автомат адаммын... Мені Москва түбіндегі Чкалов жас техниктер станциясындағы балалар жасады... Мен жас техниктер павильонында емес, мұнда неғып тұрмын? Менің құрылысым қызық. Сондықтан да мені электрлендіру павильонына шақырды... Менің бұлшық етім бар. Ол—электр двигателі. Қан тамырым — электр тогі жүріп тұрған

сымдар. Менде жүрек бар ма? Бар! Ол — менің ботинкамның ішіне жасырылған аккумулятор. Мені қорқақ деп ойламаңдар. Мен жалын атып тұрған пештің қасына, уланған белме ішіне, тіпті өлім шашқан реакторға да, яғни адам бара алмайтын жерге батыл барамын.

Бұл оттан да, аяздан да қорықпайтын автомат адамды жасаған Виталий Давыдов, Юрий Андреев қазір жоғарғы техникалық оқу орнында оқып жүр.

Біз жас өнер тапқыштардың қолынан шыққан бір ғана ғажайып экспонатты әңгімеледік. Мұндай бұйымдар жас техниктер мен натуралистер сарайында өте көп. Ойды жазатын аспап та, механизмі тіліне орналас-тырылған сағат та, алыстан еститін аппарат та, тағы сондайлар осы павильонда орын алған.

Халық шаруашылығы табыстарының көрмесі — совет адамының ұшқыр ойының, қажырлы еңбегінің, тынымсыз іздеуінің жемісі, алып ел, алып ісінің игілікті қортындысы.

**Қ. Сырбалин.**

СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің жалпы көрінісі.



# ІЛЕ

## ЖАҒАҒЫНДА

Ауылымның маңында  
іле өзені жосылған.  
Жаздың ыстық шағында,  
Табыламыз осынан.

Іле гулеп ағады,  
Жарқырап бір айдыны,  
Құшағына алады.  
Келсең дағы қай күні.

Толқын қара, толқын ақ  
Жұмсақ оның төсегі.  
Өзен бойын жағалап,  
Жаздың желі еседі.

Сол өзенің жағасын  
Шөп көмкеріп толғанда,  
Мектептің сан баласы  
Жиналамыз сол маңға.

Беріміз де сол маңға  
Бір кісідей келеміз.  
Шөпшілер демалғанда,  
Концерт қойып береміз.

Шөп жинаймыз жабыла,  
Көбейеді шөмеле,  
Қызу еңбек шағында,  
Күш қосылып денеге.

...Біз демалдық дамылдап,  
Шаңқай түстің кезі еді.  
Көкте ғана мамырлап,  
Ақша бұлттар кезеді.


Жатыр едім шынтақтап,  
Суға қарап көгілдір.  
Әбен мені түртіп қап:  
— Айда, кеттік,— деді бір.

— Кеттік,— дедім іркілмей.  
— Жалт-жалт етіп денеміз,  
Теңізшідей бір түрлі  
Суда жүзіп келеміз.

Бірде толқын еркелей,  
Кеудемізден обеді.  
Жасырады көрпедей,  
Кейде біздің денені.

Арғы жаққа өтеміз  
— Кел өтейік! — дедім мен.  
Кеттік малтып екеуміз  
Арғы бетке көрінген.

Әлі жүзіп келеміз.  
Жеткізбейді жаға анау.



Жете алмаймыз неге біз,  
Жетпей қайтсақ жаман-ау.

Көкірегінде орнаған  
Намысы бар әркімнің.  
— Озам,— дейді ол маған.  
Мен ентігіп алқындым.

Бара жаттым әлсіреп,  
Ышқынамын мен неге.  
Біреді толқын қарсы кеп,  
Қағып қалды кеудеме.

— Неге, неге, япырм-ау  
Қарысты қол-аяғым.  
Батып барам, баттым-ау  
Әкетеді қай ағын!

Шыныменен балыққа  
Жем болам ба осы мен.  
— Әбен, Әбен, алып қал,  
Жақсы көрер досым ең.

— Әбен! — дедім тұншығып,  
Бара жатты ол бұлғанда.  
О жағаға бір шығып,  
Жатар ма едім құмға аунап.

— Әбен! — дедім соңғы рет,  
Көмді толқын денемді.  
Құтылуға әл керек  
Жоқпын, жоқпын мен енді.

Көзімді аштым. Жан-жағым  
Үрейі ұшқан адамдар.  
Бәлкім маған ұрсады,  
Бәлкім мені жамандар.

Әбен келіп құшақтап,  
Сүйіп жатыр бетімді.  
Оның дағы түсі аппақ  
Қорқып кеткен секілді.

— Халиң қалай! — дейді жұрт.  
Бас изедім сәл күліп,  
Әбен де тұр күмілжіп,  
Менің досым мәңгілік.

Әбен досым, ұшқалақ  
Бала емес-ті тұрқында,  
Қолтығымнан ұстап ап  
Көндіріпті ырқына.

Су жұтса да тұншығып,  
Деміксе де бір шама,  
Сұм құшағын сұп-суық  
Өлім жайып тұрса да,

Қорықпапты ол тіпті  
Төніп келген қатерден.  
Ол — адал дос, ол мықты  
Өмір гүлін өперген.

Ол болмаса жас денем  
Шіріп еді тереңде.  
Осы адал дос деген  
Өмір сүрер өлеңде.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.



Лениннің ұлы бейнесін жасауды әркім-ақ арман еткен шығар. Бірақ, Лениндей ұлы тұлғаны театр сахнасында жасау оңай болмады. Талай жыл қажымай іздену, талмай үйренудің арқасында, бұл мақсатқа Николай Погодин ғана жетті.

Заманымыздың әйгілі жазушысы, атақты драматургі Погодин топтан озып жүлде алды. Лениндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті, зор атаққа ие болды.

«Мылтықты адам», «Кремль куранттары», «Үшінші шабыт» — міне осылай деп аталады. Николай Погодин жазған пьесалар. Бұл үшеуі драмалық трилогия деп аталады. Адамзаттың данышпаны Владимир Ильичтің ұлы тұлғасы осында жасалды.

Бұл пьесалар қазір еліміздің театр көрушілерінің ең сүйікті шығармаларына айналды. Ол пьесаларды жұрт қанша көрсе де,



«Мылтықты адам» пьесасында Ленин ролін СССР халық артисі Б. В. Шукин орындады.



Лениндік сыйлықтардың лауреаттары.

**НИКОЛАЙ  
ПОГОДИН**

бір жалықпайды. Әр барған сайын ұлы Лениннің өзін көргендей масаттанып қайтады.

Әрине, бұл озат совет әдебиеті мен көркемөнерінің тамаша табысы. Жазушы Николай Погодиннің ұзақ жылғы зор еңбегінің игі жемісі.

Бұрын «Менің досыма», «Балта туралы поэма», «Алпауыттар», «Кішкентай студентка», тағы сол сияқты көптеген пьесалармен елімізге аты мәлім болған жазушы Николай Погодин бұдан ширек ғасыр бұрын ұлы Ленин тұлғасын жасауды ойлады.

1936 жылы Коммунистік партияның Орталық Комитеті драматургия мен кино көркемөнерінің саласында ұлы Лениннің бейнесін жасауды міндет етіп қойды. Бұл әрине совет жазушыла-

ры мен драматургтерін қатты толғандырды.

— Мен, — деді Николай Федорович, — Ленин туралы пьеса жазуды бұрын да ойлап жүр едім. Бірақ, Владимир Ильичті күнделікті істе қалай көрсетуге болады. Тіпті Ильичке роль жазып, оны қалай өзінше сөйлетуге болады? Міне, бұл мені қатты қинады. Мен Ленин туралы пьеса жазғалы жүр дегенді естіген жолдастарым да: «Қойшы, сен Ленинге шынымен роль жазбақсың ба? Ол сонда кәдімгі өзіміздің күнделікті айтып жүрген: «Маған шай беріңізші», немесе «Жағдай қалай?» деген сөздерімізді айтпақшы ма?» — деп сұрады.

Дегенмен де, мен Ленин туралы пьеса жазуға белді бекем байладым.

Мінекей, «көз жұмбап, су кешпек жоқ» деген осы. Ақыры, ұлы Ленин тұлғасын ол ойдағыдай шығарды.

Драмалық трилогияны жазу үшін Николай Федорович жиырма жылдан астам уақыт еңбек сіңірді. Көп уақыт, іздену, үйренумен болды.

— «Мылтықты адам» пьесасын жазар

кезде,— дейді Николай Федорович,— бір жазда Ленин туралы жазылған елуге тарта кітаптар мен қолжазбаларды оқып шыққаным әлі есімде. Сонан соң, Ильич сөздерін дәл беру мақсатымен бір ай бойы Ленин жазған текстерді оқумен болдым.

Мінекей, бұл автордың үлкен де жауапты шығармаға ден қойып дайындалғаны еді. Соның арқасында, пьеса ойдағыдай боп шықты. Пьеса алғаш рет 1937 жылы октябрь айында Вахтангов атындағы театрда қойылады. Онда Владимир Ильич Ленин ролінде атакты совет артисі Борис Щукин ойнайды.

Оқушы достар, «Мылтықты адам» пьесасын және бұл туралы кинофильмді сендердің ішінде көрмеген адам кемде-кем шығар. Ол — қандай тамаша!

Алайда, шыншыл автор бұл пьесада бол-



„Үшінші шабыт“ пьесасында Ленин ролін талапты актер Б. Смирнов орындады.



«Кремль куранттарында». Ленин ролінде Б. А. Смирнов.

тамаша бейнеленеді.

«Кремль куранттары» бұдан жиырма жыл бұрын Москвада Академиялық Көркем театрында қойылды. Бұл аз уақыт емес. Алайда, содан бері жиырма жыл өтсе де жазушы өзінің сүйікті тақырыбын, игі мақсатын еш уақытта естен шығармапты. Қазір, Москваның Академиялық Көркем театрынан оның «Үшінші шабыт» атты пьесасын жұрт аса зор сүйіспендікпен көруде. Пьесаның үш сахнасы да түгелдей Ленинге арналған. Мұнда Ленин ролінде РСФСР-дың халық артисі

сын, онан кейінгі жазған «Кремль куранттарында» болсын, Ленинге көп роль бергенім жоқ, шығара алмаспын деп жасқандым,— деп мойындайды.

Онысы рас... «Мылтықты адамда» Лениннің айқын көзге түсетіні оның Смольныйда Шадрин деген солдатпен кездескен кезі. Пьесаның өзекті жері де дәл осы сахна. Пьесаның негізгі тақырыбы — халық, бұқара, және Ленин болса, мұның бәрі осы сахнада айқын көрінеді.

Ал, «Кремль куранттарының» бір сахнасы Лениннің кабинетіне арналады, Владимир Ильичтің тұлғасы да осы сахнада, яғни, оның өз кабинетінде инженер Забелинмен, онан кейін сағатшымен кездескен кезінде

Борис Смирнов ойнайды. Ұлы көсемнің алып тұлғасы пьесада тамаша көрсетілген.

Мінекей, бұл драмалық трилогия, яғни үш тамаша пьеса бүкіл дүние жүзі пролетариатының ұлы көсемі, адамзаттың данышпаны Владимир Ильич Лениннің өшпес бейнесін мәңгі есте қалдырады. Сол үшін де, атакты совет жазушысы Николай Федорович Погодинге, Ленин ролінде ойнаушы атакты актер Борис Смирновқа Лениндік сыйлықтың лауреаты деген аса құрметті атақ берілді.

Жетіжылдықтың алыптары.

# Қазақстан МАГНИТКАСЫ

Қазақстан Магниткасы! Бұл атауды сендер жиі естисіңдер, балалар!

Оны неге бұлай атады екен?

Естерінде болса, Магнитогорск металлургия комбинаты — Отанымыздағы ең ірі заводтың бірі боп саналады. Оны бүкіл еліміз мақтаныш етеді. Олай болса, Қарағанды металлургия заводу да республика еңбекшілері сол өздері мақтаныш ететін алып заводқа теңеп, Қазақстан Магниткасы деп атап кетті. Шынында да біздің Магнитка Магнитогорск металлургия заводуна бір де кем түспейтін болады.

Қазақстан магниткасы Теміртау қаласына жақын жерде.

Завод салынып жатқан жер мұнан аз ғана уақыт бұрын Арқаның елсіз, сусыз кең жазығы болатын. Міне, енді Қарағандыдан шыққан асфальт жолмен Теміртауға жақындап, бір сары белге шыға берсең, заводтың биік мұржалары алдымен көзіңе түседі.

Бу электр станциясы мен домна пешінің құрылысы



Енді көп кешікпей-ақ құрылыс алаңына кіресің. Ол телегей-теңіз болып, айналасы ат шаптырым жерді алып жатыр. Бірінші қатарда Бу электр станциясының құрылысы, екінші қатарда домна пештерінің құрылысы, үшінші қатарда кокс-химия комплексінің құрылысы. Қазақстан магниткасының негізгі құрылыстары міне осылар. Ал бұлардың әрқайсысы ондаған цехтардан, участоктерден тұрады. Мысалы, кокс-химия комплексінде 160-тан астам объекті бар.

Осылардың бәрінің жүрегі, орталығы — домна құрылысы. Өйткені, қалғандарының барлығы да домнаға қызмет істеу үшін, бірі отынын, бірі рудасын әзірлеп беру үшін салынып жатыр.

Қазақстан Магниткасын алдымен осы домнадан бастап таныстырайық.

Домна пеші алып самауырға ұқсайды. Бірақ, дүниеде ондай самауыр жоқ. Самауырға ұқсайтын оның тек сыртқы көрінісі. Мына суреттегі Қазақстан Магниткасында салынып жатқан алғашқы домна пешінің көрінісі. Мұнда осындай бірнеше пеш салынады. Бұл пештің биіктігі қырық метр, егер, сыртына қондырылған жабдықтарды санап жетпіс метр болады. Бұл бір алып күмбез секілді. Мінекей, осы алып пештің ішінде аса күрделі химиялық процесс жүреді.

Домна құрылысын салып жатқан құрылысшылар бригадасының бригадирі Иван Ефимович Лопатюк жолдас ол құрылыс жайында былай деді: домна пешінің үстінен мынау біз салып жатқан калашников көтергіші арқылы белгілі мөлшерде араластырылған темір рудасы, әктас және кокс құйылады. Бұл қосынды шихта деп аталады. Пештің түп жағында кокс жанып, онан бөлініп шыққан газ жоғары қарай көтерілгенде, рудадағы оттегімен қосылады да, таза темір бөлініп шығады, ол пештің түбіне шөккен сайын жоғары температураның күшімен еріп, өзіне кокстегі көмір тегін және марганец, кремни элементтерін қосып алып, шойынға айналады. Ал рудадағы бос жыныстар, кокстің күлі әктастан қалған кальцидін тотығымен бірігіп еріп, шлак болып шығады.



Қазір алғашқы домнаның сыртқы құрылыстары тегіс аяқталған. Енді құрылысшылар оның ішіне отқа төзімді кірпіштен пештің өзін қалап жатыр. Домнаның ішіндегі температура өте жоғары болады. Бұған тек арнаулы кірпіш қана шыдайды. Домнаның қасынан өте биік бірнеше каупер салынған. Олар бітіп дайын тұр. Каупер деген ауа жылытқыш, олардың сырты жұмыр, үлкен бөтелке сияқты. Бұлардың неге керегі бар деп ойлайтын боларсындар?

Балалар, сендер газеттен, радиодан алғашқы «домнаны толтырды», «алғашқы домнаны үрді» деген сөздерді жиі етисіңдер. Домна пеші өзінің өмір сүруін былай бастайды. Жаңағы ауа жылытқыш кауперлер арқылы домнаға 1200 градусқа дейін жылытылған ауа жіберіледі. Міне «домнаны үрді» деген сөз осыдан келіп шыққан. Домнаға ауа толтырылғаннан бастап, ол бірнеше жылдар бойы үзіліссіз жанып, шойын қорытып жұмыс істейді. Қазақстан Магниткасының алғашқы домнасы биыл декабрьде үріліп, шойын бере бастайды.

Жалын атып лаулаған домнаның ішінде болатын құбылыстардың барлығын мастер автоматты құралдар арқылы басқарып отырады.

Міне осындай алып құрылысты салуға көмектесіп жатқан сан алуан түрлі машиналар. Қазақстан магниткасының құрылыс алаңына алғаш рет келген адамды таңдандыратын нәрсенің бірі де сол машиналардың көптігі. Мұнда аспанмен таласқан мұнаралы крандардың, алып адымды экскаваторлардың, бұрғылау машиналарының, бульдозердің, ерсілі-қарсылы ағылған жүк машиналарының гүрілі күндіз-түні бір толастамайды.

Домна құрылысында Александр Пшенишников басқарған құрастырушылар бригадасы жұмыс істейді. Алғашқы домнаны құрастырған солар. Бұл бригаданың құрамында сендердің апаларың Рахима Әжібаева да қажырлы еңбек істеп жүр. Құрылыстағы көптеген жастармен бірге ол да осында комсомолдық жолдамамен келген. Рахима биыл он тоғызда. Ол Алматы жанындағы бір ауылда орта мектепті бітірген. Міне, Рахима өзінің ендігі өмірін, өмірге өз бетімен жасаған алғашқы қадамын осы алып құрылыстан, үлкен істен бастады. Оның алдында зор болашақ күтіп тұр.

«Талапты ерге нұр жауар» дейді халық. Рахима қазір ауылдағы құрбы-құрдастарына, ата-анасына осындай алып машина оның қолында ұршықша иірілетінін мақтанышпен жазады. Домна пешіне, оның



Суретте: Қазақстан Магниткасындағы тұрғын үйлер құрылысы.

жанындағы кауперлерге, басқа көптеген қондырмаға қаланған әртүрлі жабдықтарды 60—70 метр биікке көтеріп алып берген Рахиманың краны. Кранның басқару кабинетінен телегей-теңіз болып жатқан құрылыс алаңы Рахиманың ашса алақанында, жұмса жұдырығында сияқты болып көрінеді.

Домна пештерінің жағатын отыны кокс екенін жоғарыда айттық. Енді сол коксті қалай алады екен соны көрейік. Жоғары сапалы кокс алу үшін бірнеше батареясы бар кокс-химия комплексі салынып жатыр. Бұл заводтың ірі цехы болады, оның қазіргі құрылыс көлемінің өзі жүз гектардай жерді алып жатыр. Құрылысшылар биыл екі кокс батареясын қатарға қосып, онан алғашқы домна үшін кокс алмақшы. Қазір бұл екі батареяда құрылыс жұмыстары қызу жүріп жатыр.

Қарағанды шахталарынан шығарылатын көмір кокс батареяларына түсіріледі. Батареялардың пештерінде ауа болмайды. Осы ауа жоқ пеште шок болып қызған көмірді кокске айналдыру үшін сөндіру керек. Осы уақытқа дейін біздегі барлық кокс батареяларында көмір сумен сөндіріліп келген болатын. Енді Қазақстан Магниткасында алғаш рет оны бумен сөндіру әдісі қолданылады. Бұл әдіс кокстің сапасын жақсартады, сонымен бірге онан шыққан қызулы бу заводтың басқа цехтарының керегіне пайдаланылады.

Кокс батареяларын салуда да сендердің көптеген ағаларың мен апаларың жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы өз ісін, өз мамандығын мақтаныш етеді. Солардың бірі озат кірпіш қалаушы Тотия Шағиева. Тотия Қазақстан Магниткасына Орал қаласынан келді. Алғаш Тотияға қиын болған кездер де болды. Қазір ол қиыншылықтардың бәрін жеңді. Құрылысшы деген құрметті мамандықты толық меңгерді. Тотияға әксілік

камкорлық көрсеткен, оны баулыған адам даңқты құрылысшы Тұрмағанбетов Үкен. Ол Тотияға өз тәжірибесін үйретіп қана қойған жоқ, оны өмірге үйретті, нағыз жұмысшы адам етіп тәрбиелеп шығарды.

Қазір Тотияны «Магнитка құрылысының тоты құсы» деп атайды. Ол — озат құрылысшылардың бірі, қоғам жұмысына белсене қатынасады, көркемөнерпаздар үйірмесінің гүлі. Тотияның ендігі алдына қойған мақсаты — металлург болу. Тотия, сөз жоқ, бұл мақсатқа да жетеді.

Магнитка құрылысы қазір қызу өрістеуде. Алғашқы домна биыл декабрьде шойын бере бастайды. Қазірдің өзінде заводтың кейбір цехтары жұмыс істеп, өнім шығарып жатыр. Жақында бу электр станциясының алғашқы турбиасы өнеркәсіптік ток бере бастады. Ал, оттегі цехы көптен бері өнім беріп келеді.

Мұнда қазір бір күнде 22 мың текше метр топырақ қазылып, бір жарым мың текше метр бетон қаланады. Бірінші бесжылдықтың кезінде Магнитогорск металлургия комбинатын салуда бір айда істелген жұмыс мұнда бір күнде атқарылады.

Құрылыс алаңының жанына құрылысшылар қаласы пайда болды. Бұл республикамыздағы ең жас қала. Болашақ металлургтер қаласының төрт-бес қатар зәулім үйлер тізілген асфальтті кең көшесінің бірі — Металлургтер проспекті. Оған кесе көлденең салынған, ортасында гүлді, саялы аллеясы бар көше «Құрылысшылар проспекті» деп аталады.

Міне, балалар, Қазақстан Магниткасының құрылысы осындай зәулім үйлер салудан, кең проспектілер жасаудан басталып отыр. Қазір бұл жас қаланың отыз мыңнан астам халқы болса, соның 22 мыңдайы құрылысшы. Бұлар еліміздің барлық түкпірінен Отанымыздың шақыруымен келген жастар. Олар үшін Магнитка — өмір мектебі, өмір, жолындағы асқар белес.

Жастар еңбек етумен бірге, оқып, білім де алуда. Қалада бес кітапхана, жұмысшы жастардың кешкі мектебі бар. Бұл мектепте мыңнан астам құрылысшы жастар орта білім алуда. Оқу комбинатының жұмыс істей бастағанына екі жыл болды. Осы уақыттың ішінде одан 11 мыңнан астам жас әртүрлі мамандық алып, сан алуан құрылыс техникасының тетігін үйреніп шықты.

Құрылысшылар қаласы күн санап өсіп келеді. Мұнда бір күннің өзінде әлденеше үй бітіп, оған құрылысшылар, болашақ металлургтер кіріп жатады. Екі күннің бірінде магазин, балалар бақшасы, болмаса, клуб, аурухана үйі іске қосылады. Жаңа қаланың құрылысшылары биыл «Достық» бақшасын отырғыза бастады. Бұл бақшаның бір шеті шалқыған айдын көлге ұштасып жатады.

Қазақстан Магниткасының домналары мен мартендері ертең-ақ Отан игілігі үшін шойын мен болаттан бұлақ ағызады. Қазақ металлургтерінің жас қаласы қанатын кең жайып, республикамыздың көркіне айналады.

Қ. Әбілдаев.

## Қысқа әңгімелеп

### МЕН ҚАЛАЙ ҰЯЛДЫМ

(Болған оқиға)

Үшінші тоқсанның бір күндерінде ботаника пәнінен сабақ өткізу үшін бесінші кластың төртінші сабағына кірдім. Класс көңілді, оқушылар да жарқын. Үй тапсырмасын барлығы да оқып келген. «Мен айтайын» дегендей қолдарын көтерді. Жапырлай көтерілген он төрт қолға қызыға қараймын. Балалар да менің қараған мезгілімді пайдаланып қалғысы келді ме, күнде болмайтын бір жұмбақтың барлығын сездірді. Алдыңғы қатардағы сары бала өз партасының бетіне қараса, арттағылары да мойын соза қоймағанмен, көз қиығын соған тастайды. Бір сәт олар маған жаутаңдай қарап, жымия күледі.



Бір сыры бар парта алдына келгенде, өз көзіме өзім сенбегендей болдым. Көзімді бір жұмып, ашып қайта қарадым. Масқара-ай! «Сәкен Өмірбеков» деп, пышақпен терең ойылып жазылған жазу тұр. Парта бірнеше қабат сырланса да, баттиған жазу өшпепті де, жоғалмапты.

...Я, әлі есімде, бесінші класс оқып жүрген кезім. Қасымдағы жолдасым Қасым алдымыздағы партаға отырған сары қыздың тасасында өткір бәкімен парта бетін шұқылап жатыр. Деген мұғалімге қол көтердім. Ойым — Қасымның қылмысын айтпақпын. Жолдасым да қолымды төмен қарай тез тартып қалды да, сыбырлай бастады. «Оқу жылы аяқталып қалды, келесі жылы да осы партамызды тауып аламыз. Екеуміз де фамилиямыз бен атымызды толық жазып қояйық» — деп үгіттеді. Ақыры мен

келістім де, сол күні сабақ артынан қалып, жазып та үлгердік.

Келесі күні класс жиналысында қоғам мүлкін дұрыс сақтай алмағандығымыз үшін жолдасым екеуміз де ақырғы сөгіс алдық. Онда да бұрын тәртіпсіздігіміздің байқалмай, сабақты жақсы оқып жүргендігіміз еске алынып, жеңілдетілген түрі болды.

Кеше мектеп директоры жаңадан келген оқушыларға аудан орталығынан екі парта әкелген болатын. Міне соның бірі — баяғы менің отырған партам. Менің бір кезде істеген тәртіпсіздігім енді мұғалім болған кезімде де алдымнан шығып, оқушылар алдында ұятқа батырып отыр. Балаларға шындықты жасырмай айтуға тура келді.

Шіркін, оқушылық ережені сақтап, тәрбиешінің тәрбиесін мұқият тыңдағанға не жетсін!

**Сейпен Өмірзақов.**

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы,  
Калинин атындағы мектеп.

## Әсерлі сөз

Әжесінің ескертуіне қарамастан Айтбай күнде жаңа ескертуге ұшырай берді. Бір күні портфелінің баулығы үзілсе, екінші күні құлақшынының бауы жұлынып келеді. Көбірек әбігер көргені костюмі болды. Класста жүргенде-ақ белгісіз себептерден түймелері түсіп, басқаларға тимейтін партаның шегелері оның қалтасының аузынан тартып қалып жыртық күндер де болды. Әжесі «Ойын баласы ғой, байқамай жыртып алған болар» деп кейде үндемейтін де, кейде: «Жолдастарының алдында солай алба-жұлба болып жүр, енді киімді жыртысаң, тігіп бермеймін!» — деп ренжитін еді. Бірақ, таңертең түймесі қадалған, жыртығы жамалған дайын киім ілулі тұратын.

Өйткені, ол әжесі еді.

Жазғы каникулда жаңа костюм тігіп беріп, сыртқа шығарда немересіне:

— Айтжан, бұдан былай күтіп киетін болсаң, күнде жаңасын тігіп беремін, — деді.

Әжесінің сөзін есіне алып, әрі жаңа киімін ойынға кимай, ол сол күні әдеттегі алысуын амалсыз қалдырды.

Жолдасының басындағы кенет өзгерісті бірден байқаған балалардың:

— Жаңа костюм кигесін лас болып қалады деп тұрсын-ау, ә? — деген кекегендей сөздері де жайшылықта тез көтерілетін қағылез мінезді балаға әсер ете қоймады. Бү-



гін ол біртүрлі салмақты. Оны өзі де сезгендей.

Кешкісін сыртқы есіктен кіре ол:

— Әжем кайда, әже! Жаңа костюм тігіп беретін болдыңыз. Міне, нанбасаңыз қараңыз,— деді де, бұрын жұлынып қалатын еді ғой дегендей, түймелерінің үстін сипап, қолдарын екі қалтасына апарып, сонан соң айналып, жауырынын көрсетті.

Әжесі де:

— Кәне, кәне! — деп көрген болып, мырс

етіп күледі де, немересінің маңдайынан иіскеп:

— Сен киіміңді күнде осындай таза, ұқыпты кесең, ол жаңа күйінде тұрады. Сонда ол менің күнде жаңасын тігіп бергеніммен бірдей емес пе?! — деді.

Әжесінің айтқан сөзінің мәнін енді ұғынып, таза, ұқыпты киілген киім күнде жаңа киім сияқты болатынын түсінген Айтбай осыдан былай өзінің киген киімдеріне ұқыптылықпен қарайтын болды.

**Жолдасов.**

Ақтөбе облысы,  
Қарабұтақ орта мектебі.

**Ғали ОРМАНОВ.**

### Оқушылар творчествосы

#### **АҚЫН ӨРЕНІ**

Қызыл таққан балалар  
Қызғалдақтай қырдағы;  
Хош келді деп ағалар,  
Қуана бір жырлады.

Гүл — мәуедей тізіле,  
Шырқады әнін Абайдың,  
Албыраған жүзіне  
Әрқайсының қараймын.

Көңілімді тербетіп,  
Әкетеді ол әр ойға:  
Осылардай әндетіп  
Өсті ме екен Абай да?

Бала деген алаңсыз,  
Ол ойыңа қарай ма?  
Қонақ көңілін амалсыз  
Аулау керек қалай да...

Балғын даусы жамырап  
Салды нелер жақсы әнге,  
Тыңдарың сол жалғыз-ақ,  
Шашау ойлар жоқ сенде.

Толқисың бір сезіммен,  
Сәуле шалқып кеуденде;  
Кейбірінің көзінен  
Абай қарап тұр ма әлде?

#### **САУЫНШЫ**

Сауыншымын мен көптен,  
Жаным құмар жарысқа.  
Елім сүйген еңбекпен,  
Жеттім талай табысқа.

Сүтке толса шелегім,  
Дариядай дірілдеп.  
Бақшадағы бөбегім  
Қуанады күлімдеп.

**Әбдрахман Асылбеков.**

#### **ЛАЙ ЖӘНЕ ТҰНЫҚ СУ**

Мөлдір суға үңілсем,  
Бейнем жатар ішінде  
Лай суға үңілсем,  
Лас жатар түсінде.

Ішсем егер мөлдір су,  
Шөлдегенім басылар.  
Ондай таза адаммен  
Көңіл сыры ашылар.

Ал, лай су аржағын  
Көрсетпей сыр жасырап  
Жүзін көрсем мұндайдың,  
Көңілім менің шошынар.

Мөлдір судай жақсымен  
Дос болуға асығам.  
Лай судай пасық жан,  
Аулақ деймін, қасымнан.

**Өмірзақ Жолымбетов.**

Қызылорда облысы, Сексеуіл  
станциясы, 48 — мектептің  
оқушысы.

#### **«ҮШТІК» АЛДЫ АҒАСЫ**

Есептері жазылған,  
Ағасының дәптерін,  
Қарындашпен Ғалымжан,  
Шимайлады беттерін.

Байқамады сабаққа,  
Алып барды ағасы.  
Бұрын «бестік» алатын,  
«Үштік» болды бағасы.

**Жеңіс Қашқынов.**

Алматы қаласы,  
12-мектеп.

#### **КҮТЕМІН**

Сезгендей суық күз желін,  
Серуенін құстар бастады.  
Сағынған жандай өз елін,  
Суларын жазғы тастады.

Бәрі де кетті көк көлден,  
Ойлады ма қыс қамын.  
Келіңдер қайта көктемде,  
Қош болып тұр, құстарым.

**Мырзабек Аманжолов.**

Қызылорда облысы,  
Қармақшы ауданы.

#### **АҒАЛЫҚ АҚЫЛ СӨЗДЕР**

Еңбек сүйсең жасыңнан,  
Бақыттысың, жас ұлан.

\* \* \*

Сыйлай білсең ананы —  
Азаматсың саналы.

\* \* \*

Данышпандар, ғалымдар «алып»  
деген,  
Жолдама алған ғылымға әліппе-  
ден.

\* \* \*

Күте білсең қоянды —  
Елің етке тояды.

\* \* \*

Күштей бермей,  
Қиын демей,  
Салсаң ақыл, әдіске —  
Шығарсың жеңіп әр істе.

**Төленді Нұрмахамедов.**

Алматы облысы,  
Іле ауданы.



### ӨТІРІКШІ

Бекенмен сөйлестім бір отырып  
 Жоқ нәрсені соқты-ау дейсің, көпіріп.  
 Бір сөзіне сене алмадым сұмдық-ай,  
 Өнбойының бәрі толған өтірік.



### ОЛАҚ

Құсқа арнап, жалықпай,  
 Үй жасапты Төребек.  
 Үйі сұлу қалыптай,  
 Міне, нағыз керемет.  
 Біздің Балпан қызығып,  
 Құрастырды тақтайды.  
 Қанша ұрса да кіжініп,  
 Шегесі түк батпайды.  
 Жаншып алды бармағын,  
 Істегені өнбеді.  
 Сабы сынды балғаның —  
 Өзі босқа терледі.  
 Әуре болу керек пе!  
 «Ақыл тапты» Балпаның  
 Шығып алып терекке,  
 Ілді атамның қалпағын.  
 Оспанхан Әубәкіров.





Очерк

# Сайынжер бала

Күле келген көктемнің көрікті күндерінің бірі еді. Сулыкөл маңы жасыл құраққа бөленген. Иін тіресе өскен көк қияқты биік қамысты айнала дар қоңыр үйректер ұшып жүр. Олар көгалға керегелерін жая бастаған үш үйлі ауылға қарай ұшады да, адамдар дабырынан тайсалып, көлге қарай зулайды. Қаздардың қаңқылы әрегіректен, сонау көгілдір айдын жақтан талып естіледі. Көлдің бергі жағасынан қанаттарын сабалай ұшқан шағалалар мен қызғыштардың шаңқылы әлде қандай бір мазасыздықты сездіргендей, секемді ой салады.

Бес қанат үйдің шаңырағын көтеріп тұрып, қарт жылқышы Жүніс Смағұловтың көргені де, сезінгені де, міне осы еді. Екі желбауды тартып, бақанға қысып тұрғанда, ойы да, көзі де қыр жақта болатын. Мына шағалалардың мазасыз шаңқылы оған әлде қандай бір күдік дабылы сияқтанады. Солай болды да. Ә, дегенше қырқаның ар жағынан қара құс сияқты бір нәрсе желп-желп етті де, заматында атты адам болып шыға келді. Жүніс тани кетті. Өзінің кіші ұлы Қиқу жұдырықтай түйіліп, тік отырған бойы кер атты қарыштата шауып келеді.

— Япырай, ә! Не болды екен? — деп Жүніс бақанды былай қойып, ұйыса біткен қою қара мұртын шөкімдей көтеріп қойып, баласына қарсы жүрді.— Уа Қиқужан, не болып қалды?

— Ойбай, ата,— деді бала үрейлі дауыспен, жылдамдата сөйлеп.— Жармойын өлейін деп жатыр. Атажан, болшы тез, мін анау көк атқа.

Жармойын өткен күзде сатып алынған бір топ жылқымен бірге келген болатын-ды. Оның күйі төмен болғандықтан ерекше күтімде жүретін. Жаз бойы осы атты семіртіп шығуды пионер бала Қиқу өз міндетіне алған еді. «Өзі барып тұрған жүйріктің тұқымы көрінеді, оны аудан аралық бәйгеге бап-

та» — деп жылқышы баласына сеніп тапсырған еді колхоз председателі Пеисов жолдас. Енді, міне, сол сенім көкке күл болып ұшқалы тұр. Аттың кенеттен құлап түсуі, әрине, күтім ережесінен бір қате жіберуден болу керек. Оны Қиқу әлі тапқан жоқ. Ол күндегі әдеті бойынша түскі шақта бәйгіге жаратқан атқа аздап бие сүтін бергелі іздеп еді. Оны көп жылқы шетінде серейіп жатқан жерінен көрді...

Әкелі-балалы жылқышылар табын қасына шауып отырып жеткенде, Жармойын әлі де сұлық жатыр екен. Шоқтығы биік кеуделі жануар қара көздерін төңкеріп, мәлиіп жатыр. Аяқтары да тас болып қатып қалған сияқты, қимылдамайды. Мұны көргенде Қиқудың қараша жүзі күреңітіп, қайқы еріндері жыбырлап кетті. Оның кішкентай қара көздерінен қос моншақ та жылт ете қалды. Бірақ, «болсаң, болаттай бол» — деген жиырма жыл жылқы баққан атасының сөзі есіне түсіп, ол теріс қарай беріп, жасын іркіп тастады. Жүніс аттың қабақтай болып басынан асып кеткен ішін көріп, өзіне таныс ауру белгісін таба алмаған соң дағдарып қалды:

— Іші кеуіп кеткен. Әлде шөп арасынан аузына бірдеме түсті ме екен? Дәрігерсіз болмайды.

— Ата, онда мен барып ертіп келейін! — деп Қиқу шап ете түсті. Бірақ, отыз шақырым елсізбен жүру керек. Он бір жасар баласын ондай хауіпті сапарға қимаған Жүніс амалсыз жалтарды:

— Дәрігер алыс қой... Қолдан дем алдырып, суық компресс қойып ылаждармыз.

— Атажан, ол ештеме болмайды. Жіберші мені? Мен қазір-ақ барып жетемін!

— Жоқ, болмайды.

— Түү, ата-ай, жіберші? Қорықпаймын мен ештеңеден...— деп жалынды Қиқу атасының баурына басын тығып, саптама етігінің қонышынан сипалап.— Тезірек барайыншы.

Баласының таудай талабы, аяулы аттың аянышты халі ата жүрегін жібітпей қалай тұрсын? Жүкең ұлының басынан сипап, маңдайынан сүйді де:

— Жарайды. Бара ғой, балам. Бұл саған алғашқы сын шығар. Артқы айылыңды тартып берейін.

Енді бір сәтте Қиқу қызып алған кер аттың ауыздығын тұқырта тартып, арындатпай,

көсілте шауып кетіп бара жатты. Жылқы күтүге қандай құмар болса, ат тізгінін алып отыруға да шын жараған ұлына ата риза болып, езу тартып тұр. Жүніс соңғы бес жылдың өзінде алты жүз құлын өсірсе, соның басы-қасында баласы да бар еді. Ата ұлының алғыр шабандоз, сайыпкер, ата жолын қуған жылқышы болатынына қуанышты. Кенже ұлына тапсырылған ел аманаты Жармойын «қыл үстінде» жатқанда Жүкеңнің жүрегіне оралған бір-ақ тілек бар еді:

— Тек, ләйім аман жетіп, тезірек үлгерсе екен!

\* \* \*

Қиқу ояғанда бес қанат үйді көктемнің асау желі сабалап тұр еді. Күндізгі көп шабыстан екі тақымы удай ашып, бөлі кеміріп, алақаны дуылдап барады. Ол үілдеп, үйді еңсере соққан желдің бір сәт тынысын да, көл жақтан «әууу-уіп» — деген үнді де естіп қалады. Қиқу денесінің ауырғанын да ұмытып, басын көтеріп, құлағын тіге қалды. Үйдегілердің бәрі де күндізгі әбігерден кейін ұйқыға батқан.

— Өткен жылы әлде қалай, шегірткеге себілген ұдың қалдығын жұтқан. Немесе, кепкен саңырауқұлақтың уын жеген.— деп Жармойынға укол беріп, ішіне дәрі жіберіп, жуып, олай-бұлай аударыстырып, көтере демеп, орнынан тұрғызып, ептеп ауылға әкелдірген мал дәрігері Әубәкір ағай да қорылға басыпты. Осының бәрін тәптіштеп есіне түсірген Қиқу кенет дүрілдей төккен жаңбыр дыбысын естіді. Даладағы Жармойын суда қалады, ол енді меңдеп кетсе, «бәйгі атын баптап, жарыста бірінші орын аламыз» деп берген уәде жоқ болады. Бір сәт Қиқудың алдында колхоз бастығы қалың қабағын түйіп, Жамбыл атындағы мектептің балалары ренжіп тұрғандай болып көрінді. Ол орнынан жылжып, босаға жақта төсеулі жатқан ат жабуды бүктемелей сүйретіп, далаға шықты. Қиқу ошақ басында қалған темір шелекті төңкеріп үстіне шықты да, атқа жабуды жапты. Кешкі шайда қымқырған бір кесек қантын ышқырынан алды да, сүйіктісінің аузына тығып жіберді. Қант күтірі естілгенде бала жүрегі де лепіріп сала берді.


— Ә, Қиқумысың, түү, шырағым-ай,— деді оянып кеткен Жүкең.— Жарайды. Еңбегің жанып, мектеп пен колхоз сенімін ақтап, Жармойынды бәйгіден келтіріп, жарылқасаң болар еді.

Қиқу қараңғының өзінде дәл тауып, суға малшынған мұздай денесімен атасының ыстық қойнына сүңгіп кетті.

Өзеннің батыс жағындағы адырсыз, бұдырсыз далада кенеттен түйдек-түйдек шаң көтерілді. 1-Май мерекесіне арналған бәйгі жарысына түскен алпыс саңлақ әр қилы шабыспен, кең даланы дүбірлетіп барады. Екі құлағын жымып алып, қоянша ытқи жөнелген торы аттың үстінде қара бала тастай түйінделіп, ауыздықты екі қолымен шірей тартып келеді. Ол Жармойынның көзін сүртіп жіберіп, желге қарай шыға шапты. Қарауылға дейін әлі жиырма шақырым бар. Бұл — әрі ат ұшқырлығының, әрі күштілігінің, сонымен қатар, шабандоздың шеберлігінің сыны. Қиқу атты барлықтырмай жел жаққа шығып алып, ауыздыққа сүйеп келеді. Соның өзінде алдында он шақты ғана ат бар. Олар да лезде кейін қалатын сияқты. Жоқ, енді бір сәтте ат барлығып қалғандай бәсеңдеп, қатарындағы ұзын көктен қала берді. Бала жүрегі зу ете түсті. Қиқу тақымын қатты қысып, тізгінді босата, атты сипай бір қамшылап өтті. Бала көзіне жел ұйтқып, жас парлап ақты. Айналаның бәрі өзіне қарай зымырап, патефонның табағынша дөңгелеп келеді. Ол көзін сүртіп, жан-жағына қарады. Әлгі көк ат, оның үстіндегі ересектеу қыз сәл кейінірек қылаңдайды. Ол да, бұл да алға ентелеп, «жетісіп» ала жөнелді...

Жүніс бастаған топ қарақшы қызыл жаулауының түбінде тұр еді. Жамбыл атындағы колхоздың председателі Пеисов «победасының» үстіне шығып бинокльмен қарап тұр.

— О!..



— Не?... Көрінді ме?

— О!..Келе жатыр. Жалғыз... Жармойын жеке дара келе жатыр! Жаса, Қиқуым! — деп председатель тұрған жерінде қуаныштан безек қағып, жұрттың аузының суын құртты. Сөйткенше, Жармойынды көсілте, көпке қарай қырын отырып, Қиқу сипай қамшылап өте шықты. Ол орағытып келгенше:

— Ат күтуші, сайыпкер деп осыны айт! Пай-пай, өзі де шабандоз екен. Атқа отырысын қарашы! Қаршығадай түйіліп қалып-

ты! — деген қошамет сөздер нәсердей жауып жатты. Айналып келгенде сүйсіне ұмтылған көпшілік оны ат үстінен іліп алып, қызыл гүлдей, қолдан қолға көтеріп әкетті. Жыл сайын құлын өсіріп, ат жаратып, бәйгіге шауып жүрген сайыпкер, шабандоз баланың басындағы қызыл орамал шадыман көптің қуанышты жүрек отындай жайнап, жоғарыда қалықтап жүрді.

Әйткен Диқанов.

Ақмола облысы,

Атбасар ауданы.

## Жаңа кітаптар



Кеше маған  
Досан ағам  
Ноль мен бірді үйретті.  
Сол цифрмен  
Папашыммен  
Сөйлесуге ой кетті.

— дейді бала, «Ноль де бір» деген өлеңде. Шынында, папасымен телефон арқылы қалай сөйлесуді ойлайтын, бірақ телефон номерін білмейтін еді ол. Енді телефонмен сөйлесуді жақсы біледі. Автомат-телефонның трубкасын алып, «ноль және бір» номерін сұқ саусағымен басып тұрып, оңға қарай айналдырып-айналдырып жіберіп еді, трубкадан бір адам тез жауап берді. Ол кісі баладан үйінің номерін, көшесін сұрады. Бала папасымен сөйлесе алмады. Басқа адаммен сөйлесті...

Міне қызық! Мұнысы несі?! Үйдің төңірегіне қызыл машиналар толып кетті. Үйге еңтіге жүгіріп кірген адамдар. Досан ағасы мен папасы да осында. Бала аң-таң. Келгендер де аң-таң. Өртенген үй жоқ. Бала сөндіргіштердің ішінен сонда істейтін таныс адамын көрді. Ол кісі өрт сөндірудегі киетін киімімен тұр. Бала «Ноль де бірдің» жайын сонда ғана түсінді. «Ноль де бір» үйде өрт болғанда хабарласатын номер екенін білген бала:

Ұят күшті  
Жайсыз істі  
Ітеткен «ноль бір» екен  
Көшір, аға,  
Ұқтым жаңа,

Білместігім мол екен!— деп өзінің білмегендігін мойындады.

Балалар, сендер бұл қызық өлеңді жас ақын Әдібай Табылдиевтің «Сөз бөбектікі» деген кітапшасынан оқисыңдар. Кітапшаны Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы басып шығарған. Бұл кітапшада көптеген тартымды өлеңдер бар. Төсектен тұрмай, беті-қолын жумай жатып, нан сұрап жылайтын еріншек Еркебай, биіктен секіремін деп аяғын сындырып алған, мақтаншақ лақ, өз күшін шамалай білмейтін өрмінез ақ күшіктер күлкі болады.

Бірде жалқау Еркебай ісіне күлсең, бірде әжесінің қолтығынан сүйеп, астына жұмсақ көрпе салатын, кішіпейіл немерелердің, сол сияқты мамасына көмектесіп жүретін кішкентай Ғайшаның ісіне сүйінесің.

Кітапшадағы өлеңдер қысқа да қызықты. Тілі оқуға жеңіл. Бірнеше өлеңдерге үлкен етіп әдемі суреттер берілген. Кітапшаның барлық қызық та жақсы жағын өздерің алып оқығанда ғана толық білесіңдер. Ол қазір кітап магазиндеріне түсіп сатылып жатыр. Өздерің оқыңдар, балалар!





Алтыншы сабақ бітісімен дружина советінің председатели Ж. Барболов жиналыс болатынын оқушыларға хабарлап та үлгерді.

Әні-міні дегенше жиылыс та басталып кетті.

— Қымбатты оқушылар! — деді мектеп директоры М. Медетбеков жолдас, — Қазақстандық екінші пионерлер домнасына біздің бастауыш мектеп те лайықты үлесін қосуы керек. Сол үшін далада шашылып жатқан металл сынықтарын жинап өткізейік.

Бұдан кейін де бірнеше оқушылар шығып сөйлеп, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, металл сынықтарын жинауға бүгіннен бастап кірісетіндігін білдірді. Сол күннен бастап оқушылар металл сынықтарын жинауға кірісіп кетті. Металл сынықтарын жинауда бірнеше оқушылар өздерінің еңбек сүйгіш екендігін көрсетті. V класс оқушылары: Шірімбеков Ерген, Шайқыдықов Әкпар, Барболов Жеңіс, IV класс оқушылары: Дағаров Әлмахан, Қошанов Тәшкенбай секілді оқушылар сол күннің өзінде-ақ 70—80 кило темір жинап өткізді. Оқушылар әлі де металл сынықтарын жинап жүр.

**Асан Қаныбеков.**

Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы, Пушкин атындағы мектептің оқушысы.



### ОҚУШЫЛАР ТОҚЫҒАН КІЛЕМ

Биылғы көктемде Жасбуын жетіжылдық мектебінің бір топ оқушылары кілем тоқуға кіріскен еді. Жақында кілем тоқылып болды. Оқушылар тоқыды. Оларға ауылдағы кілем тоқудағы тәжірибесі мол шеберлер кеңес беріп, басшылық жасады. Оқушылар тоқып шығарған кілемнің ұзындығы 2, ені 1 метр.

Кілем тоқуда Бәтимаң Рақымжанова, Рәзия Батырбаева, Базаркүл Қилыкешова, Күлтай Шілдебаева сияқты оқушылар жақсы еңбек етті. Олар талмай талпынып, үзбей үйренудің нәтижесінде халқымыздың озық өнерлерінің бірі — кілем тоқуды тез игеріп әкетті.

Оқушылар тоқыған кілем жақында аудандық пионерлер үйіне көрмеге жіберіледі.

**Сәбит Досанов.**

Қостанай облысы, Аманкелді ауданы.



### ҚОЯН ӨСІРЕМІЗ

Біздің мектепте қоян өсіру қолға алынды. Оған күтуші пионерлер кезектесіп қарайды, қояндар үшін арнаулы бөлмешелер жасалып, оның ішіне қояндардың сүйіп жейтін жемі қойылды. Бұл жөнінде білмеген жайларымыз болса, биология пәнінің мұғалімі Темірқұлов жолдастың басшылығымен шығатын «Биолог» газеті көмектеседі. Газет жалпы үй қоянын өсірудің халық шаруашылығындағы алатын орны, қоян күтушілердің міндеті және қояндарды қалай күту керек деген секілді мақалалар жариялап, кеңес беріп отырады. Қазір қояндарымыз көбейіп келеді.

**С. Қалденов.**

Ақтөбе облысы, Алға поселкасы, Алға орта мектебінің оқушысы.

## БІЗДІҢ КӨМЕК



Біздің совхоз 200 гектар жерге қызылша егуге міндеттеме алған. Совхозымыздың шаруашылығынан біздің Ойық орта мектебі оқушыларының өндірістік бригадасы да шет қалған жоқ. Олар да өз үлесін қосты. Совхоздың 200 гектар қызылшасының 50 гектарын алып, оны күтіп мол өнім беру үшін аянбай еңбек етіп келеді. Совхоз механизаторлары қызылшаны сеуіп берген. Енді оны мезгіл-мезгіл суару, жекелеу тағы басқа жұмыстарын оқушылардың өздері істеп жүр.

Қазір қызылшамыз жайқалып өсіп, толысты. Оның күтіміне, өсуіне қарағанда мол өнім алатынымызға сенім зор.

Жарылқасын Әбілдаев.

Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ойық орта мектебінің оқушысы.

## ШЕТЕЛ ЮМОРЛАРЫ

— Мохан,— дейді оқытушы,— сенің «Біздің ит» дейтін шығармаң ағаңның шығармасымен сөзбе-сөз дәл келеді екен.

— Әрине, екеу ара бір-ақ ит болған соң солай болмағанда қайтуші еді,— деп жауап береді Мохан.

\* \* \*

Ағайынды екі бала орманға отынға барды. Екеуі кешке шейін қу бұтақ жинайды. Бірақ, жиған отындары арбаның жарымына да келмейді. Біздің мына жұмысымызға ау-

ылдағылар күлетін болды деп ойлайды екеуі. Кішісі:

— Қанша жинасақ та арбамыз толмады-ау,— дейді ренжіп.

— Біз әлі кішкентаймыз ғой,— деп жұбатады оны үлкені.

Екеуі қатты ашығады. Шешесі салып берген нан, сыр, пиязды жеуге отырады. Аз уақыттың ішінде барлығын жеп бітіреді.

— Ойпыр-ай, аға, дастарқанды қалай тез тазалағанбыз,— дейді кішісі таңырқап.

— Е, несі бар, жігіт емеспіз бе? — дейді ағасы.

Мұғалім: (жаңа келген оқушыдан)  
— Атың кім? (кішкене бала ұялып, жауап қатпайды)

— Әкеңнің аты кім? (бала үндемейді).

— Тыңдашы! Шешең саған конфет берерде қалай шақырады?

Бала:

— Ол мені шақырмайды, онда мен өзім барамын.

\* \* \*

Мұғалім: — Боби, әдетте пілді қай жерден табуға болады?

Боби: — Сіз білесіз ғой, мұғалім, піл өте үлкен ғой, ол жоғалмайтын шығар.

\* \* \*

Кішкентай қыз: — мама, менің туған күнім жақын ба?

Шешесі: — Ия, өте жақын қалды. Ал сен оны неге сұрадың!

Кішкентай қыз: — Жәй, білгім келді, өйткені, менің жақсы қыз бола бастайтын мезгіл жетті ме екен деп ойлап едім.

\* \* \*

Мұғалім: — Жасың нешеде?  
Джейн: — Он бірде.

Мұғалім: — Өткен жылы сен бесте ғана едің ғой, олай болса, биыл сен алтыдасың.

Джейн: — Өткен жылы бесте болсам, биыл алтыдамын, сонда он бірдемін ғой.

### ЕЛЕУЛІ ТҮЗЕТУ

Мұғалім: — Джимми, сен неге бетіңді жумайсың? Мен сенің бүгін таңертең қандай тамақ жегеніңді көріп тұрмын.

Бала: — Ол не?

Мұғалім: — Жұмыртқа.

Бала: — Олай емес, мұғалім, оны кеше жегенмін.

Ағылшын тілінен аударған Жекен Қалиев.

Мұқабаның бірінші бетіндегі В. Васильевтің „Еңбектенді“ деген суреті.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұрғазин М.

Техникалық редактор М. Жум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

1049824



**КРОССВОРД**  
Көлдөвенінен:

3. Қазақ совет әдебиетінің өкілі. 6. Қазақ ССР-ның халық артисі. 7. Көлік. 10. Баспасөздің бір түрі. 11. «Мичурин» кинофильмінде Мичуриннің ролінде ойнайтын актер. 14. Сибирьді, Орта Азияны

### СЕН БІЛЕСІҢ БЕ!

Москваның Қызыл алаңындағы Минин Пожарскийге салынған ескерткіш — бірінші ескерткіш боп есептеледі. Бұл ескерткіш 1818 жылы Мартос деген скульптордың жобасы бойынша бронзадан жасалған.

\*\*\*

Жазба ескерткіштерден көне-сі — Двуречьеде табылған сурет жазуы. Двуречьеде не ағаш, не тас болмаған. Бұл жердің негізгі құрылыс материалы топырақ. Осы жердің тұрғындары топырақтан шалпақ етіп қатырып тақтайшаға

жасаған. Жоғарыда айтылған сурет жазу осы тақтайшаға сызылған. Ғалымдардың анықтауы бойынша бұл жазу біздің эрамызға дейінгі 3500 жылдары жазылған. Осы ескерткіш қазіргі уақытта Ленинград Эрмитажында сақтаулы.

\*\*\*

Гүлдердің ішіндегі ең байырғысы роза гүлі болса керек. Ол алғаш немістің Гильдесгейм деп аталатын қаласында өскен. Бұған 800—1000 жылдар шамасы болды. Роза гүлі, міне, осы уақытқа шейін гүлдеп келеді.

зерттеуші ғалым. 15. С. Мұқановтың «Ботакөз» романындағы кейіпкер. 16. Той. 17. Жапон Компартиясының бас секретары. 20. Дәнді дақыл. 21. Болгар жазушысы. 22. Музыкалық аспап. 24. Вердидің операсы. 25. Н. Байганиннің шығармасы.

### Тігінен:

1. Франциядағы өзен. 2. Көркем шығарманың био түрі. 4. Албаниядағы қала. 5. Халық акыны. 8. Мамандық. 9. Орыстың XIX ғасырдағы ұлы ғалымы. 12. СССР-дың халық артисі. 13. Шығыстағы мемлекет. 18. Т. Жароковтың шығармасындағы герой. 19. Қазақ ССР-ның Мемлекеттік Гимнінің музыкасын жазушылардың бірі. 23. Өзбектің атакты акыны. 24. Жамбыл Жабаевтың өлеңі.

### Көстер төңірегінде:

1. С. Мұқановтың ертеректе жазған поэмасы. 2. Италиядағы қала. 3. Қ. Жармағанбетовтың балладасы. 4. Күй. 5. Химиялық элемент. 6. Махамбеттің туған жері. 7. Түйе. 8. Орыстың демократ-революционер жазушысы. 9. Би. 10. Партизан акын. 11. Совет Одағының батыры, панфиловшы. 12. Фарфорды тұңғыш ойлап табушы. 13. Абайдың М. Ю. Лермонтовтан аударған поэмасы.

### Жұлдыз төңірегінде:

1. Сая. 2. Пионер ұйымындағы топ. 3. Қазақ хорының негізін қалаушылардың бірі. 4. Кернеудің өлшемі. 5. Қазақтан бірінші рет физика-математика ғылымының докторы атағын алған адам. 6. Бүкіл дүниежүзінің жастары мен студенттердің VII фестивалы өткізілетін жер. 7. Дүниедегі ең қымбатты адам. 8. Мемлекет орталығы. 9. Түс. 10. Москва драма театрының тұрақты репертуарына енген қазақ пьесасы. 11. Трансформаторды ойлап шығарушы.

Құрастырған Тұрсынбек Шаймағанбетов.

\*\*\*


Тропикалық ормандарда өсетін мангустан ағашының жемісі жемістердің ішіндегі ең дәмдісі боп саналады. Бұл жеміс апельсинге ұқсайды. Бірақ, өте жұмсақ, нәзік болады. Сондықтан оны алыс жерлерге алып жүруге болмайды.

\*\*\*


Ең ірі балық — кит акуласы. Оның ұзындығы 15 метрге дейін жетеді. Қаншалықты зор болғанмен де оның шаруаға пайдасы жоқ. Еті қатты және дәмсіз болады.

# ҚҰРАЛБЕНТІҢ ІСТЕРІ


БАҒАСЫ 1 сом



1. Кетпек еді секіріп,  
Шырмап алды – ау «екілік».



2. «Үштік» деген бағаның  
«Тауып алды» амалын.



3. «Көрінекі құрал!» — деп,  
Қуанады Құралбек.



4. Атқан тасы торғайға  
Соқты қайтып маңдайға.